

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университетінің  
Басқарма Төрағасы-Ректоры,  
профессор



Б.А.Ердембеков  
2021 ж.

# Жұбановшылар Бастамалары

студенттік өзін-өзі басқару ұйымдардың әлеуметтік жобаларына  
гранттық қолдау конкурсының  
ЕРЕЖЕСІ



Ақтөбе, 2021 жыл

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында:

*«Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Бұдан бөлек, мен азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын.*

*Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету. Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады.»* деген болатын.

## **1. Жалпы ережелер.**

1.1. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының қызметі мен ролі 2007 жылғы 27 шілдедегі «ҚР Білім туралы» заңы және 2015 жылғы 9 ақпандағы «ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңында және университеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары туралы ережесінде айқындалған.

Студенттік өзін-өзі басқару студент жастардың өмірлік іс-әрекетінің маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік және азаматтық белсенділігін дамытуға, бастамаларды қолдауға бағытталған студенттердің бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық қызметінің ерекше нысаны.

1.2. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының әлеуметтік жобаларына гранттық қолдаудың (бұдан әрі – Гранттық қолдау) ережесі мақсаттарын, міндеттерін, қатысушылар санатын, мерзімдерін, тәртібі мен шарттарын, конкурстық комиссияның қызметін айқындайды.

1.3. Гранттық қолдау студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарын «ProActive академиясы» негізінде қолдау мен дамытудың тиімді тұтас жүйесін жаңғыртуға, әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

1.4. Гранттық қолдауды іске асыру студенттік өзін-өзі басқару органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, жастардың қоғамдық белсенділігін қолдауға, республикалық, халықаралық гранттық қолдау жобаларына қатысу үшін тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

1.5. Гранттық қолдаудың мақсаты:

- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарын қолдау мен дамытудың тиімді тұтас жүйесін құру;

- Студент жастарды мәдени, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, студенттердің әлеуметтік өзін-өзі танытуына жәрдемдесу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу.

1.6. Гранттық қолдаудың міндеті:

- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының көшбасшыларын оқытуды ұйымдастыру;

- Студенттік өзін-өзі басқару жұмысын ұйымдастырудың ең үздік тәжірибелерімен алмасуды ұйымдастыру;

- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдардың беделін арттыру;

- Университеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары қызметінің негізгі даму бағыттарын болжау;

- Университет студенттерінің әлеуметтік маңызды қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру, жеке тұлғаны дамытуға, студенттердің азаматтығы мен патриотизмін қалыптастыруға, оның әлеуметтік және еңбек бастамаларын іске асыруға ықпал ететін түрлі іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыру.

## **2. Гранттық қолдаудың конкурсына басшылық ету**

2.1. Гранттық қолдаудың конкурсына жалпы басшылық және ұйымдастыру жұмыстарын Жастар ісі жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

2.2. Жастар ісі жөніндегі комитет:

2.2.1. Гранттық қолдаудың конкурсын өткізу үшін ұйымдастырушылық, ақпараттық және консультациялық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

2.2.2. Гранттық қолдау конкурсының комиссия құрамы мен жұмыс тәртібін айқындайды;

2.2.3. Өтінімдер мен жобаларды қабылдауды жүзеге асырады;

2.2.4. Гранттық қолдау конкурсының қатысушыларын анықтайды;

2.2.5. Гранттық қолдау конкурсының қорытынды хаттамасын рәсімдейді.

2.2.6. Гранттық қолдау конкурсының өткізу мерзімін нақтылауға және өзгертуге, сондай-ақ шарттарына қосымша түзетулер енгізуге құқылы.

2.3. Гранттық қолдаудың конкурстық комиссиясы:

2.3.1. Конкурстық комиссияның құрамы университеттің құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан кемінде 5 (бес) адамнан тұратын құрамда жасақталады;

2.3.2. Әлеуметтік жобалардың сараптамасын жүзеге асырып, жеңімпаздарды анықтайды;

2.3.3. Әлеуметтік жобаларды презентация барысында бағалайды;

2.3.4. Жобалардың рейтингін қалыптастырады.

### **3. Гранттық қолдау конкурсына қатысушылар**

3.1. Гранттық қолдау конкурсына Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттік ұйымдары қатыса алады.

3.2. Бір студенттік ұйымнан ұсынылған әлеуметтік жобалардың саны шектелмейді.

### **4. Конкурсты өткізу мерзімдері, шарттары мен тәртібі**

4.1. Гранттық қолдау конкурсы қаңтар айына бастап өткізіледі.

4.2. Гранттық қолдау конкурсының негізгі кезеңдері:

**I кезең – Ақпараттық жұмыстар мен қатысушылардың тіркелуі.**  
2021 жылдың 25-31 қаңтар аралығында гранттық қолдау конкурсы бойынша студенттік ұйымдар арасында ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылып, «Google forms» платформасы арқылы тіркеу жұмыстары жүргізіледі;

#### **II кезең – Қатысушыларды оқыту жұмыстары.**

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының белсенділерін «ProActive академиясы» негізінде оқыту жұмыстары /тренинг, семинар, т.б./ 2021 жылдың 1-5 ақпан күндері жүргізіледі;

Тренинг, семинар барысында қамтылатын тақырыптар:

- *Командамен жұмыс, Тұлғалық, қолбасшылық қасиеттерді дамыту*
- *Коммуникативтік дағдылар;*
- *Жоба. Оны жазу, жоспарлау және іске асыру негіздері;*
- *Тайм менеджмент;*
- *Бюджетті басқару, қаржымен жұмыс;*
- *Контент құру, іске асыру;*
- *SWOT – анализ;*

#### **III кезең – Жобаларды қабылдау жұмыстары.**

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары гранттық қолдау конкурсының ережесі аясында университеттің тәрбие тұжырымдамасының басым бағыттары бойынша кемінде 1 әлеуметтік жобасын жасақтап, ағымдағы жылдың 8-14 ақпан аралығында ұсынады:

- *Азаматтық ұстаным және рухани-адамгершілік тәрбие;*
- *Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру;*
- *Құқықтық тәрбие беру;*
- *Дене шынықтыру және студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру;*
- *Экологиялық және еңбек тәрбиесі;*

Әлеуметтік жобалардың құрылым бойынша сипаттамасы

Жобаның паспорты:

- *Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының толық аты;*

- *Жетекшісі және мүшелері туралы ақпарат /аты-жөні, туған жылы, мамандығы/;*
- *Әлеуметтік жобаның атауы;*
- *Іске асыру мерзімі;*
- *Мақсатты аудитория;*
- *Жоба бойынша серіктестер (болған жағдайда);*

Жобаны әзірлеу және іске асыру жөніндегі қызметі:

- *Жағдайды талдау;*
- *Жоба идеясы;*
- *Жобаның мақсаттары мен міндеттері;*
- *Жобаны іске асыру ресурстары мен тәуекелдерін талдау;*
- *Жобаны іске асыру жөніндегі жұмыс және іс-шаралар жоспары;*
- *Жобаны жүзеге асыру үшін есептеулер(смета,жоспар, т.б.);*
- *Күтілетін нәтижелер;*
- *Жобаның тиімділігін өзіндік бағалау;*
- *Жобаның болашағы;*

Қажеттілігіне қарай жобаны әзірлеу барысында келесідей қосымша құжаттарды енгізіледі: графикалық бейнелер (*сызбалар, схемалар, диаграммалар және т.б.*) фотосуреттер, сценарийлер, сауалнамалар, әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері, пікірлер және т.б.

**IV кезең – Қатысушылар өз жобаларын қорғау** 16-17 ақпан күндері жүргізіледі:

- *Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары өздерінің әлеуметтік жобаларын конкурстық комиссияның алдында презентациялау арқылы (әр жобаны қорғауға 15 минут беріледі) қорғайды;*
- *Гранттық қолдау конкурсының қорытындысын шығару. Қорытындысы бойынша кемінде ең үздік 5 жоба іріктеліп, техникалық ерекшеліктеріне қарай іске асыру үшін әр жобаға 200 000 мың теңгеге дейін гранттық қолдау көрсетіледі.*

**V кезең – Үздік жобалардың жүзеге асырылуы.**

Гранттық қолдау конкурсын жеңіп алған студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары өздерінің әлеуметтік жобаларын 2021 жылдың соңына дейін жүзеге асырады.

## **5. Гранттық қолдау конкурсы комиссияның бағалауы, қорытындысы**

5.1. Негізгі критерийлер:

- *Шешілетін мәселенің әлеуметтік маңыздылығы;*
- *Жоба элементтері – мақсат, міндет, таңдалған әдістердің, жоба нәтижелерінің сәйкестігі;*
- *Ұсынылатын тәсілдер мен шешімдердің негізділігі;*
- *Қаржылық шығындардың ақталуы;*
- *Жобаны әзірлеу және іске асыру бойынша қызмет тәсілдерінің инновациялылығы мен тиімділігі, тәсілдердің және табылған шешімдердің бірегейлігі;*
- *Жобаның болашағы.*

## 5.2. Қосымша критерийлер:

- *Жобаны ресімдеу сапасы, дайындалған фотосуреттер, схема-сызбалар және т.б.;*
- *Жобаны іске асырудың ақпараттық қамтылуы.*

5.3. Конкурсқа қатысушылардың баллдары тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның төрағасы қатысушылардың бірінің пайдасына қосымша балл беруге құқылы.

5.4. Конкурстық комиссия осы Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін жобаларды қараудан бас тарту құқылы.

5.5. Конкурсқа қатысқан жобалар қайтарылмайды және рецензияланбайды.

5.6. Конкурстық комиссияның шешімдері түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

5.7. Конкурстың қорытындысын конкурстық комиссиясы шығарады және хаттамамен рәсімделеді;

5.8. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау грантттық қолдау конкурсының III кезеңінде өткізіледі;

5.9. Жеңімпаздарға берілетін грант соммасы конкурс комиссиясымен анықталады.

## 6. Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру және есептілік

6.1. Конкурстық комиссия жеңімпаз деп таныған жобаларды іске асыруды қаржылық қолдау Конкурстық комиссия хаттамасының негізінде грантттық қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады;

6.2. Байқау жеңімпаздары иеленген грантттық қолдауды мақсатты пайдалану туралы міндеттеме алады, тұрақты түрде аралық есеп және жоба соңында қорытынды есеп береді;

6.3. Аралық есеп мыналарды қамтиды:

Есепті кезеңде өткізілген іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы. Семинарлар, тренингтер мен басқа да іс-шаралар саны, мазмұны, жобаға қатысушылардың пікірлері. Іс-шаралар бойынша жарияланымдар және басқа да ақпараттық материалдар: фотосуреттер, жарияланған мақалалардың көшірмелері, сұхбатқа/мәлімдемелерге сілтемелер, нәтиженің оң әсері туралы растайтын барлық ақпарат және қаржылық есептер (*тауар чегі, кассалық чек немесе квитанция, орындалған жұмыстар актісі*), алдағы кезеңге жоспарланған қызмет.

6.4. Қорытынды есеп мыналарды қамтиды:

- Жобаның негізгі өлшенетін нәтижелерінің (сандық және сапалық) сипаттамасы;
- Жобаның табыстылығын талдау, қойылған міндеттердің орындалуы;
- Грантттық қолдаудың студенттік өзін-өзі басқару ұйымына не бергенін талдау;
- Грант алушының жобаны орындау барысында кездескен проблемаларын, сәтсіздіктерін және себептеріне талдау.

6.5. Жастар ісі жөніндегі комитеті бөлінген гранттық қолдаудың мақсатты пайдаланылуын бақылауға құқылы;

6.6. Конкурс шеңберінде алынған гранттық қолдаулар мынадай бағыттар бойынша пайдалануға болмайды:

- Студенттік ұйымның ағымдағы шығындарын жабуға;
- Студенттік ұйым жетекшісі мен мүшелеріне еңбекақы/сыйақы ретінде беруге;
- Жобаға байланысты емес қызметті жүзеге асыруға;
- Қаржылай пайда табуды көздейтін іс-шараларды іске асыруға;

6.7. Гранттық қолдауды мақсатсыз пайдалану, бөлінген қаражатты қайтаруға және әлеуметтік жобаны әрі қарай іске асыруды тоқтатуға негіз бола алады.

## 7. Авторлық құқық

7.1. Конкурс шеңберінде құрылған әлеуметтік жобаларға авторлық құқығын университетке қалдырады;

7.2. Ұйымдастырушылар бұқаралық ақпарат құралдарында, баспа материалдарында, интернетте орналастыру үшін конкурсқа ұсынылған жобаларға редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

7.3. Ұйымдастырушылар авторлық құқықтың бұзылуына байланысты проблемалық мәселелер туындаған жағдайда жауапкершілік алмайды, осындай жағдайлар туындағанда ұсынылған жобалар конкурсқа қатысудан алынып тасталады.

## 8. Қосымша

8.1. Қосымша ақпарат/сұрақтар бойынша Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлына /тел.: +7 702 986 2085/ хабарласуға болады.

8.2. Конкурстық құжаттарды [kdm\\_arsu@mail.ru](mailto:kdm_arsu@mail.ru) электронды поштасы бойынша қабылданады.

Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор



Абенова Б.С.

Стратегиялық даму және  
цифрландыру жөніндегі проректор



Бекбаева А.У.

Ғылым және инновациялар  
жөніндегі проректор



Бекназаров Р.А.

Әлеуметтік және тәрбие  
жұмыстары жөніндегі проректор



Бердыбаев Н.М.